

"Ұлттық индустримальық мұнай-химия технопаркі" арнайы экономикалық аймағын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 19 желтоқсандағы № 495 Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 22 қыркүйектегі № 1231 Қаулысы  
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Ұлттық индустримальық мұнай-химия технопаркі" арнайы экономикалық аймағын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 19 желтоқсандағы № 495 Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасының Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан

Республикасының

Премьер-Министри

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығы "Ұлттық индустримальық мұнай-химия технопаркі" арнайы экономикалық аймағын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 19 желтоқсандағы № 495 Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасының Президентінің қарауына енгізілсін.

«Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы» 2011 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. «Ұлттық индустримальық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағын құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 19 желтоқсандағы № 495 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2007 ж., № 47, 560-құжат, 2009 ж., № 40, 388-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:  
« 2 . К оса беріліп отырған :  
1 ) А Э А т у р а л ы е р е ж е ;

2) АЭА жұмыс істеуінің нысаналы индикаторлары және нысаналы индикаторларға қол жеткізбеудің сыни деңгейі бекітілсін.»;

2) АЭА туралы ереже осы Жарлыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

3) осы Жарлыққа 2-қосымшаға сәйкес АЭА жұмыс істеуінің нысаналы индикаторлары және нысаналы индикаторларға қол жеткізбеудің сыни деңгейімен

Т О Л Ы Қ Т Ы Р Ы Л С Ы Н .

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Президенті

Қазақстан

Президенттің ініц

2 0 1 2

ж ы лғ ы

Қазақстан

Н.Назарбаев

Р еспубликасының

Р еспубликасының

№ Ж арлығына

1-қосымша

Қазақстан Р еспубликасы

Президенттің ініц

2 0 0 7

ж ы лғ ы

1 9

ж ел тоқсандағы

№ 4 9 5 Ж арлығымен

БЕКІТІЛГЕН

## "Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі" арнайы экономикалық аймағы туралы ереже 1. Жалпы ережелер

1. «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағы (бұдан әрі - АӘА) қоса беріліп отырған жоспарға сәйкес Атырау облысының аумағында орналасқан.

АӘА-ның аумағы 3475,9 гектарды құрайды және Қазақстан Республикасы аумағының ажырамас бөлігі болып табылады.

2 . А Э А :

1) қосылған құны жоғары көмірсутек шикізатын тереңдете өндіеу және кеңінен бәсекеге қабілетті мұнай-химия өнімін шығару жөніндегі әлемдік деңгейдегі мұнай-химия өндірістерін құру мен дамыту жөнінде серпінді инвестициялық жобаларды әзірлеу және іске асыру;

2) мемлекеттік-жеке меншік серіктестік тетіктерінің негізінде мұнай-химия өндірістерін салуға және оларды кешенді дамытуға инвестициялар тарту;

3) өзара байланысты, тиімділігі жоғары әрі инновациялық жаңа мұнай-химия өндірістерін салу;

4) қазақстандық мұнай-химия өнімінің өндіру мен өткізудің жалпы әлемдік жүйесіне кірігуін жүзеге асыру, халықаралық стандарттарға (ИСО) сәйкес инновациялық, бәсекеге қабілетті отандық мұнай-химия өнімін жасау;

5) мұнай-химия өндірістерін және көмірсутек шикізатын тазалау, тереңдете өндіеу жөніндегі технологияларды құру мен жетілдіру бойынша ғылыми-зерттеу және ғылыми-техникалық инновациялық жобалар әзірлеу және іске асыру;

6) халықаралық стандарттарға сәйкес мұнай-химия өндірістері үшін мамандар

даярлау және қайта даярлау мақсатында құрылады.

3. АЭА-ның қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясымен, «Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 21 шілдедегі Заңымен, осы Ережемен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

4. АЭА аумағындағы қызметтің басым түрлері:

1) жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес инфрақұрылым объектілерін, мұнай-химия, химия және сабактас өндірістерді салу және оны пайдалануға беру;

2) химия өнеркәсібі өнімдерін өндіру;

3) мұнай-химия өнімдерін, сондай-ақ ілеспе, сабактас өндірістер мен технологиялар өнімдерін өндіру болып табылады.

## 2. АЭА-ны басқару

5. АЭА-ны басқару «Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 21 шілдедегі Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

## 3. АЭА-ның аумағында салық салу

6. АЭА-ның аумағында салық салу Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен реттеледі.

## 4. Кедендік реттеу

7. АЭА аумағындағы кедендік реттеу Кеден одағы мен Қазақстан Республикасының кеден заңнамасының ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

8. Еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімі АЭА-ның аумағында немесе оның аумағының бір бөлігінде қолданылуы мүмкін.

9. Еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімімен АЭА-ға қатысуши ретінде қызметті жүзеге асыру туралы шартқа сәйкес АЭА аумағында қызметтің басым түрлерін жүзеге асыратын тұлғалар АЭА аумағына орналастыруға және (немесе) пайдалануға арналған тауарларды орналастырады.

10. Еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімі қолданылатын АЭА аумағы кедендік бақылау аймағы болып табылады. Кедендік бақылау жүргізу мақсатында АЭА шекаралары оның периметрі бойынша жайластырылады арнайы қоршаулармен жабықталады.

11. АЭА аумағында Кеден одағы мен Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында айқындалған тәртіппен тауарларды уақытша сақтау орындары құрылуы мүмкін.

12. АЭА аумағында еркін кедендейкайтында кедендейкайтында ресімімен орналастырылған тауарлар, сондай-ақ еркін кедендейкайтында кедендейкайтында ресімімен орналастырылмаған Кеден одағының тауарлары және өзге де кедендейкайтында ресімдермен орналастырылған шетелдік тауарлар орналастырылуы және пайдаланылуы мүмкін.

13. АЭА аумағына әкелінген және еркін кедендейкайтында кедендейкайтында ресімімен орналастырылған тауарлар кедендейкайтында баждарды, салықтарды, сондай-ақ тарифтік емес реттеу шараларын қолдану мақсаттары үшін Кеден одағының кедендейкайтында аумағынан тыс жерде орналасқан тауарлар ретінде қаралады.

14. Тауарларды уақытша сақтауға, кедендейкайтында декларациялауға, кедендейкайтында ұзартуға және шығаруға, сондай-ақ АЭА аумағында кедендейкайтында бақылау жүргізуге байланысты кедендейкайтында операциялар Кеден одағымен Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

## 5. Қоршаған ортаны қорғау

15. Экологиялық реттеу белгіленген АЭА қызметі Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады және өмір сүру сапасын арттырудың экономикалық, әлеуметтік және экологиялық аспекттерінің теңгерімі негізінде тұрақты дамуға және қоршаған ортаны қорғауға көшу үшін жағдай жасау арқылы табиғи ресурстарды ұтымды және тиімді пайдалануға негізделеді.

## 6. Қорытынды Ережелері

16. Осы Ережеде белгіленген шарттар Қазақстан Республикасы Президентінің  
Жарлығы мен өзгертуі мүмкін.

17. АЭА-ны мерзімінен бұрын тарату «Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 21 шілдедегі Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

18. АЭА-ның осы Ережемен реттелмеген қызметі Қазақстан Республикасы мен Кеден одағының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы

Президентінің 2007 жылғы

19 желтоқсандағы № 495

Жарлығы мен бекітілген


«Ұлттық индустримальық мұнай-химия

технопаркі» арнайы экономикалық

аймағы туралы ережеге

ҚОСЫМША

**«Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы  
экономикалық аймағы аумағының жоспары**



Қазақстан Республикасы  
Президентінің 2012 жылғы «» №  
№ Жарлығына  
2-ҚОСЫМША  
Қазақстан Республикасы  
Президентінің 2007 жылғы 19 №  
№ жарлығы мен желтоқсандағы  
БЕКІТІЛГЕН

**«Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы  
экономикалық аймағы жұмыс істеуінің нысаналы индикаторлары  
және нысаналы индикаторларға қол жеткізбеудің сынни деңгейі**

p/ c №	Мақсаттары, міндеттері және көрсеткіштері (атауы)	Өлшем бірлігі	Базалық кезең (2012 жыл)	2017 жылы қол жеткізу		2022 жылы қол жеткізу		2027 жылы қол жеткізу		2027 жылы қол жеткізу	
				нысаналы индикатор	сыни деңгейі	нысаналы индикатор	сыни деңгейі	нысаналы индикатор	сыни деңгейі	нысаналы индикатор	сыни деңгейі
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
1	Жалпы инвестиция көлемі, соның ішінде:	млрд. тенге	-	945	472	950	475	955	478	960	481
1)	шетелдік инвестиция көлемі	млрд. тенге	-	96,75	48	97,75	49	98,75	50	99,75	51

2)	отандық инвестиция көлемі	млрд. теңге	-	848,25	424	852,25	426	856,25	428	860,25	430
2	А Э А аумағында тауарларды және қызметтерді (жұмыстарды) өндіру көлемі	млрд. теңге	-	297,12	148,56	1 369,13	684,57	1 784,12	892,06	1 878,52	939,26
3	Катысушылар саны	Компаниялар	-	8	6	13	9	18	11	23	14
4	Кызметтің косалқы түрін жүзеге асыратын тұлғалардың саны	адам	-	15	7	30	15	45	20	60	30
5	А Э А аумағында құрылатын жұмыс орындарының саны	адам	-	440	220	490	245	540	270	590	295
6	А Э А аумағындағы өндірістің жалпы көлеміндегі қазақстандық қамту үлесі	%	-	30	15	40	20	50	25	60	30

		1	-	М Х К	а й м а ф ы
1.1	-	МХК зауытының	алаңы	-	463,7 га
1.2	-	МХК теміржол станциясы	-	95,93	га
1.3	-	МХК вахталық кенті	-	4,01	га
1.4	-	МХК булану су қоймасы	-	375,02	га
2	-	ҚМГ ҰК АҚ Ароматика	-	336,25	га
3	-	МХК-ның газ сепаратор қондырғысы	-	100	га

4 - АМҰЗ мен қазіргі полипропилен зауытының арасындағы өнеркәсіптік аймақ - 285 га

«Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» АЭА мұнай-химия кешенінің инфрақұрылымдық объектілері орналасқан аумағы - 1816 га

5	-	құрғақ газ құбыры	-	163,79	га
6	-	шикі газ құбыры	-	1435,74	га
7	-	отындық газ құбыры	-	28,32	га
8	-	кіреберіс автожолы	-	17,8	га

9 - 2	-	электр	берау	желісі	-	9,49	га
10	-	т е м і р	ж о л		-	27,69	га
11	-	с у	құбыры		-	89,67	га

12 - электр берау желісі - 43,36 га

Жалпы көлемі 3475,9 га құрайды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК